


ISSN 2078-8134



Ғылыми және көркем-әдеби журнал

Жеруен

3 (42) 2015



Г.Орда

ҚАЗАҚТЫ ТАРИХЫМЕН ҚАУЫШТЫРҒАН ҚАЛАМҒЕР

Үстіміздегі жылы қазақтың көрнекті жазушысы, қоғам қайраткері Илияс Есенберлиннің туғанына 100 жыл толып отыр. Ол туралы мерзімді басылым беттерінде жарыса жазылуда. Жазушының көзін көрген Күнімжан Байқадамованың естелігі «Көшпенділер» трилогиясының жазылу тарихы мен қаламгердің шығармашылығын және бір қырынан толықтырар деген ниетпен төмендегі сұхбатты оқырманға ұсынып отырмыз.

– Күнімжан ана «Байқадамовтар әулеті» деген кітабыңызды оқып отырып Илияс Есенберлин туралы қызықты деректер оқыған болатынмын. Жазушының туғанына биылғы жылы 100 жыл толып отыр. Осы тұста сол естеліктеріңізбен оқырманмен бөлісіп, жазушы туралы айтып берсеңіз.

- Бақамның (Бақытжан Байқадамов) достары өте көп болатын. Бір қызығы оның жақын араласқан достарының бәрі де біздің үйдің баласындай болып сіңісіп кететін де, бәрі де маманды өз аналарындай «мама» дейтін. Сондай өте жақын араласқан достарының бірі -

Илияс Есенберлин. 1940 жылы Қазақ таукен және металлургия институтын бітіріп, Жезқазған рудниктерінде инженер болған ол Ұлы Отан соғысына қатысты 1942-1947 жылдары Орталық комитеттің нұсқаушысы қызметтерін атқарды. 1947-51 жылдары Қазақ мемлекеттік филармониясының директоры болды. Осы жылдары Бақам филармонияның көркемдік жағын басқарды.

- Жазушының әдебиетке поэзиямен келгенін, оның бірсыпыра өлеңдеріне ән жазылғанын өскелең ұрпақ біле бермейді. Сол жайында айта отырсаңыз.

– Қырқыншы жылдары әдебиетке ақын ретінде өлең жазумен келген ол «Сұлтан», «Айша», «Адамгершілік туралы жыр» сынды бірсыпыра өлең жинақтарымен көпке таныла бастады. «Большевик туралы поэма», «Бір жан сал трагедиясы» дастандарын жазды. Сол тұста Илияс Бақамның әндеріне сөз жазып жүретін. Солардан менің есімде қалғандары «Домбыра», «Жаңа өлке», «Кен зерттеушілер әні», «Отаныма рахмет», «Гүл жайнаған Астанам» ән өлеңдері. Бұл әндерді қазақ халқы Күләш Бәйсейітова, Роза Бағланова, Бибігүл Төлеғеновалардың орындауында тыңдап жүр. Осылайша, Илияс пен Бақамның арасында тек қана жолдастық емес, шығармашылық та тығыз байланыс болды.

– Бірі – филармонияның директоры, екіншісі – көркемдік жетекшісі ретінде олардың сіздерден жасырын әңгімелері болушы ма еді?

– Менің бір таңқалатыным, олардың бізден жасырын, құпия әңгімелері болмайтын. Илиястың филармонияның директоры болып тұрған шақтағы әңгімелерінің көпшілігі есімде қалыпты. Сондай әңгімелердің бірі - «Көшпенділер» романы жөнінде. Ол горняк болғанмен қазақтың әдебиетіне, мәдениетіне, тарихына өте жақын болды. Сол тұстағы жазылып жатқан жазушылардың көркем шығармалары мен тарихшылардың қазақ тарихы туралы зерттеулеріндегі қазақ халқының тарихына көңілі толмай жүретін. Өзінің білмейтіні жоқ жан-жақты еді. Қазақтың арғы-бергі тарихынан біз білмейтін көптеген аңыз-әңгімелерді айтып отыратын. Біз өзіміз білмейтін қызықты аңыздарды аузымыздың суы құрып отырып тыңдайтынбыз. Сондай қызықтықты әңгімелердің арасында бізге

беймәлім тарихи деректер туралы Бақам екеуі ұзақ әңгімелесетін.

– **Қазақтың тарихы туралы жазуға ден қойып жүрген жазушыны көп даудаймағалы қалдырған «Көшпенділер» трилогиясының жазылуы туралы айта отырсаңыз.**

– Бір күні өзінің жиған-

терген құжаттарын сөз ете отырып, мен қазақ тарихы туралы роман жазамын деді.

Оны әзіл көрген Бақам:

- Мен сені сыйлаймын, бірақ сен горняк инженерсің ғой, роман жазу қалай болар екен? Қазақ халқының тарихын жаза аласың ба? Қазақтың жазушылары жазып жатқаны саған аз көріне ме? - деді.

– Иә, жазушылардың жазғаны аз емес. Бірақ мен қазақтың тарихын шынайы қалпында жазғым келеді, - деді ол.

- Ол оңай шаруа емес, біріншіден, сен жазушы емессің сенде роман жазарлық жазушылық дайындық жоқ, екіншіден, геологтың жазған шығармасын мүйізі қарағайдай жазушылар қалай қабылдар екен?

– Неге жаза алмаймын, жазамын. Сен ҚазПи-дің физика-математика факультетін бітірдің де мектепте математикадан сабақ беріп жүргенде «Айгөлек», «Сүйген сәулем», «Бөбегім», «Пионер маршы», «Біз Отанды сүйеміз» әндерін жаздың ғой. Содан кейін ғана Консерваториядан музыкалық білім алдың. Бірақ Консерваторияға дейін де танымал композитор болдың емес пе? Ендеше, сен де өзіңнің табиғатыңа жақын музыка жазуға ертерек көңіл бұрдың.

– Ол басқа шаруа ғой.

– Ешқандай да басқа шаруа емес. Сені халық оқытушы ретінде емес, композитор ретінде таниды. Сенің қаламыңнан туған «Айгөлек», «Сүйген сәулем», «Бөбегім», «Пионер маршы», «Біз Отанды сүйеміз», тағы басқа жырларды қазақ жатқа айтады. Және солардың бәрі де халықтың сүйіп тыңдайтын әндері. Олай болса, математиктен жақсы композитор шыға ма, шығады. Ал неге геологтан жазушы шықпайды? Шыққанда, қандай жазушы шығады. Қане, бұған не дейсің?

-Бақытжан Байқадамовтың халық жауының баласы ретінде өмірден көп қиыншылық көргенін білеміз.

Ілиястың кеңестік дәуір тұсында қазақтың тарихы туралы роман жазуы – өз басын ерлікке тігуі екені белгілі.

Бақытжан оған қалай қарады.

– Бақамның да шырылдап жүргені сол ғой. Ол туралы екеуінің мынадай әңгімелері есімде қалыпты.

– Ілияс бәрі де дұрыс қой, бірақ мен сенің тауың шағылып қалмасын деймін.

-Бұл жанашырлығыңа үлкен рақмет. Бірақ, мен қазақ тарихы туралы роман жазуға бел байлап жүрмін. Роман болғанда да сенің «Әйгөлегің» секілді халық сүйіп оқитын роман жазғым келеді. Оған дайындығым да жоқ емес.

Жиған-терген дүниелерімді біраз іріктеп алып, жазуға отырсам деп ойлаймын.

- Өзің маған дейін де шешіп қойған болсаң, саған тек ақ жол тілеу ғана қалған секілді. Олай болса, сенің болашақта күллі қазақ сүйіп оқитын романыңның ертерек жазылып, қазақтың қолына тиюіне тілектеспін.

– Иә, мен солай ойлап жүрмін...

Сол романды жазу барсында жинаған материалдарын айтып Бақаммен көп ақылдасып отыратын. Ол кезде біз Ілиястың роман жазатынына сенгенмен, қандай роман жазатынын білген жоқпыз. Кейін ол жазылған романның қолжазбасын арқалап, оны шығара алмай біраз қиналды.

Сондай қиын сәттерде романы құрысын деп екі қолын төбесіне көтеріп кете ме десек, жоқ, олай болмады. Өзі айтқандай, сол романды күллі қазақтың қолына

жеткізгенше тыным таппады. Оның жолында көп қиыншылық та көрді.

-Роман жарыққа шыққан соң да Илиясқа тыныштық болған жоқ. Себебі, ол кезде қазақ сынды «ұсақ ұлттардың» өз тарихын терең зерттеуге мүмкіндігі жоқ еді. Хан мен биді, бай мен бекті жаппай қаралап жатқан біржақты бағалаудың тұсында жазылған қазақ тарихы туралы көркем шығарманың мәтіні коммунистік партияға жақпағаны, оны Илиястың бірнеше рет өзгерткені тарихтан мәлім.

– Осы романның кейін Илияс қудалауға түсіп филармониядан кетті, Бақам ЖөнПи-ге ауысты. Сондай сәттерде біз ойлайтынбыз, – құдай-ау роман жазып басы бәлеге қалды ғой. Оны жазып несі бар еді. Қазақтың тарихы туралы жазатын жазушылар бар емес пе, – деп. Сөйтсек, Илияс қазақ әдебиетіне түрәннен жол салған екен. Ол болашақтағы қазақтың тарихи романдарының жазылуына жол ашқан екен. Оның бәрін баспа бетінде сол жылдары шыққан әртүрлі мағынадағы мақалалардан оқып-біліп жүрдік. Менің бір есімде қалғаны сол романның қалай басылып кеткендігі көп сөз болды. Ұмытпасам, сол кездегі баспа істерінің басшысы Шериаздан Елеукеновтің еңбегі ерекше болды.

- Илиястың қаламынан туған роман күллі қазаққа ғана емес, сол кездегі Кеңестер Одағындағы барша әдебиетшілерге ой салған туынды болды. Себебі, бұл роман жөнінде орыс әдебиеттанушылары да жазып жатты. «Литературная газетадағы» Александр Яковлевтің «Против антиисторизма» атты мақаласына сол тұстағы қазақ әдебиеттанушыларының ішінен Мұқаметжан Қаратаев пен Шериаздан Елеукенов қарсы мақала жазып, Илиясты ажал аузынан арашалап қалды.

-Оны Илиястың өзі көп айтатын. Егер сол кезде Яковлевтің мақаласына ешкім қарсылық көрсетпесе, Илиястың жайы не болары белгісіз еді. Коммунистік партияның саясатына қарсы шыққаны үшін оны да «халық жауы» деп алып кетері даусыз ғой. Отызыншы жылдардағы қудалауды көрген біз байғұс Илиясты қай күні «қара қоңыз» алып кетеді екен деп жанымызды шүберекке түюмен болдық. Біз ғана емес, Илиясты танытын, танымайтын исі қазақтың бәрі де оның тілеуін тіледі. Себебі, бұл отызыншы жылдардағы ойранның ұмытыла бастаған, қазақ өмірінде жайма шуақ өмір қалыптаса бастаған кез еді.

- XX ғасыр басындағы Алаш зилыларының қазақ халқының бақытты болашағы жолындағы ізгілікті істерін қырқыншы-алпысыншы жылдары өмір сүрген қазақ зиялылары да жалғастырған тәрізді. Мәселен, Б.Байқадамовтың негізгі мамандығы - математик, бірақ ол қазақтың музыкасы ақсап жатқан соң сол саланы меңгеруге бел буды.

Сол сияқты, Илияс Есенберлиннің де мамандығы – тау-кен инженері. Бірақ ол да қазақ тарихы туралы көркем шығарма жазылмаса қазақ халқы өзінің арғы тарихын білмей қалады деп ойлады. Себебі, ол кезде жаңадан жазылған көркем шығармалар қолдан-қолға тимей оқылатын. Бұл тұрғыда жазушы дұрыс жолды таңдай білді. Ол осылайша, күллі қазақ қолынан тастамай оқитын «Көшпенділер» трилогиясын жазды. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары түсірілген «Көшпенділер» көркем фильміне де І.Есенберлиннің сол романы түрткі болғаны анық.

Осы романның жазылу тарихы туралы жазушының өзі былай деп жазған болатын: «Тарихи эпопеяны жазуды соңғы кітаптан бастауымның себебі – жиналған архив деректерінің молдығы, қамтылатын дәуірлер ауқымының кеңдігі, ойлаған, жоспарлаған кітаптарды түгел жазуға ғұмырым жете ме, жетпей ме деген күдік. Мұның мәнісі бар. О баста, тарихи деректерді жинау кезінде, романға кіріспес бұрын,

іштей жоспарлаған едім. Яғни, көңілімде, іс жоспарымда халқымыздың бес жүз жылдық тарихын қамтитын трилогия болып қалыптасты. Бірақ трилогияның ең соңынан бас тауыма себеп болды. Ең алдымен тіршіліктің кейбір тауқыметін тартқандықтан ба, үшеуін бірден қамтып жазуға өмірім жете ме, жетпей ме деп қауіптендім. Содан болар халыққа, болашақ үрім-

бұтаққа айтпақ болған ойымның тарихи оқиғаларға деген жазушылық тенденциям мен позициямның айқын көрінісі болған басты темір қазығым «Қаһар» еді. Егер алдындағыларымды айта келіп, көксеген негізгі ойыма қол жетпей қалса, өмір бақи арман да, орны толмас өкініште өтуім мүмкін ғой. Ойға алған, көңілге түйген трилогияның ең әуелі соңынан бастап жазылу сыры осы еді» (Жұлдыз, 1975. - №1. – 209-213 б.).

Жазушының ұлттық әдебиетке салған жолы бүгінде жалғасын табуда. Тәуелсіздік тұсындағы қазақ жазушылары қазақтың көркем тарихын жасауға белсене кірісіп кетті. Соның жарқын көрінісі -

2014 жылдың жылдық қорытындысы бойынша Сырым батыр туралы Қажығали Мұхаметқалиұлының «Тар кезең» романының Мемлекеттік сыйлық алуы. Иә, осылайша Ілияс Есенберлиннің қазақ әдебиетіне алып келген келген жаңалығы бүгінде дәстүрге айналғаны қуантады.